

808(47)

с 83

1983

АРХИВТІК
ҚОР

сөзТан

ЖАС
ҚАЛАМГЕРЛЕР
КІТАПХАНАСЫ

ЖАЛЫН

1983

сөзсiан

ЖАС
ҚАЛАМҒЕРЛЕР
КІТАПХАНАСЫ
ТӨРТІНШІ КІТАП

АЛМАТЫ
ЖАЛЫН

Құрастырған
Құлбек ЕРГӨБЕКОВ


С 73 Сөзстан: (Әдеби портрет, мақала)— Алматы: Жалын, 1983, (Жас қаламгерлер кітапханасы). 4-кітап (Құрастырған Қ. Ергөбеков. 264 бет.

Бұл — «Сөзстанның» төртінші кітабы. Қолдарыңыздағы кітап — бірыңғай балалар әдебиетіне арналып отыр. Мұнда С. Маршак, А. Барто, С. Михалков, С. Бегалин, Ө. Тұрманжанов, С. Омаров, М. Әлімбаев, Б. Соқпақбаев т. б. балалар ақын-жазушыларының творчествосы туралы толғамдармен қатар балалар әдебиетінің бүгінгі таңдағы көкейкесті проблемаларын көтерген мақалалар мен әдеби портреттер бар.

8 Қаз 2

К $\frac{70202-017}{408(05)83}$ 132—83—4603010202

© «Жалын» баспасы —1983



ТЕРЕҢ ТАМЫРЛАР



«Ең жақсысы — балаларға!»

В. И. ЛЕНИН

*«Өнерге талпыну үшін
адамға ең алдымен
табандылық керек».*

ӘЛ-ФАРАБИ

«Балалар кітабы тәрбие үшін жазылады, ал тәрбие — ұлы жұмыс. Адам тағдыры сол тәрбие арқылы шешіледі».

В. Г. БЕЛИНСКИЙ

КӨНЕ ДӘУІРДІҢ КӨРКЕМ МҰРАСЫ

СҰРАҚ: Құрметті Бейсеке, мына әңгіменің тақырыбына — халықтың ауыз әдебиеті мен балалар әдебиетінің арақатынасын таңдап алып отырмыз. Бұл кездейсоқтық емес. Бүгінде қай әдебиетті алып қарастырмайық, оның фольклор үлгілеріне ерекше ынтамен жіті көз салып отырғанын көреміз. Ендеше, осы байланыс біздің әдебиетімізде қандай көрініс тауып отыр? Және мұның қандай маңызы бар?

ЖАУАП: Социалистік реализм әдебиетінің ұлы атасы Алексей Максимович Горький: «Біз фольклор байлығы жөнінен алтын сандық үстінде отырмыз» деген. Арғы атасы, тегі бір түркі тектес халықтар, оның ішінде қазақтар, фольклорға аса бай. Осы мол мұраның ішінде балалар қабылдауына лайық аңыз әңгімелер өте мол.

Жалпы, ауыз әдебиетінің үлкен бір қасиеті оның қабылдауға жеңілдігінде, қиялға ұшқырлығында. Оның құпиясы адамзат қиялының, арманының жемісінде ғой. Адам тіршілік мұқтаждығы жібермеген мұраттарға арман-қиялмен жеткен. Өздерінің қиялынан шыққан ғажайып әңгімелер арқылы ауыр тіршілігін жеңілдеткен, өмірдің бейнетінен құтылғандай болып өзге бір әсерге, рахатқа бөленіп рухани азық алған. Бұл туралы Энгельстің «Неміс халық кітаптары» туралы еңбегінде жақсы жазылған.

Ауыз әдебиетінің асыл мұралары, үлгілері — адамзатты мәңгі рухтандырар көркем творчество-

ның кәусар бұлағы. Оның балалар әдебиеті ғана емес, жалпы көркем өнер, мәдениет атаулымен тығыз байланысы белгілі. Бұл — көптен зерттеліп келе жатса да, әлі құпиясы мол тақырып.

Ауыз әдебиеті — балалар әдебиетінің де алтын діңгегі. Онда арнайы балалар үшін шығарылғандай қаншама көркем туындылар бар. Оларды екі жүйеге бөлуге болады. Ең алдымен балаларды (барлық оқушыларды деп те айтуға болады) ғажайып көркем әлем, ғаламат ұшқыр қиял тіршілігіне жетелейді. Алып шайқастар, таптырмас амал-айалар қандай?! Соның бәрі жалпы Адамзаттың, кейде тіпті жекелеген халықтың бүгінге дейін жүріп өткен жолы, қалыптасу кезеңдерінің көркем тарихындай әсер етеді. Жалпы, өнер тегі, генезисі — өмірлік шындық. Ендеше, бізге сұрыпталып, әбден байып жеткен фольклордан да белгілі дәрежеде халық тарихын іздеу әбестік емес. Заңдылық. Ал туған халқының тарихына іш тартып құмартпас адам болмақ емес. Фольклор бала қиял, жаңа, жас танымда осындай үлкен міндет атқарады. Демек, фольклор қай халық, қай ұлт мәдениетінде болмасын, балалар әдебиетінің бастауы. Бастау болумен бірге фольклор балалар әдебиетін үнемі байытып отырар қуатты қайнар бұлағы. Өйткені, бұрын-соңды фольклордан үйренбес профессионал жазушы болған емес, болмақ емес.

Екінші бір шығармалар балалардың тікелей өз өмірінен алынады. Олардың тапқырлықтарын, өжеттіктерін, ерлік істерін бейнелейді. Мысалға «Тазша бала» тәрізді ертегілерді алуға болады.

Ол қиялға, ертегіге үйір болғанмен, жалғандықты кешпейді. Сондықтан да балалар әдебиетіне барамын деген жас жазушының балаларды жақсы көруі, білуі үшін ең алдымен ауыз әдебиетіндегі алуан-алуан шығармалармен толық таныс болғаны жөн. Қайта-қайта оқу керек. Ойлану керек. Тек қана қазақ фольклорымен шектеліп қою да жеткіліксіз. Әлем әдебиетіндегі тамаша туындыларды білу шарт. Әсіресе, қазынасы мол, тәжірибесі үлкен неміс халқының, орыс халқының, итальяндықтардың ауыз әдебиеті үлгілеріне арнайы көңіл бөлген абзал.

Ауыз әдебиеті дегеніміз жалпы адамзат қиялын ұштаған үлкен мектеп қой.

СҰРАҚ: Осы жерде Карл Маркстың ауыз әдебиеті шығармаларының біз үшін әлі де қол жетпес озық үлгі болумен қатар, оның бүгінгі адамдарды да өнер құпиясы, эстетикалық ләззатқа болеу сыры туралы да айтқандарын еске түсіру қажет қой деймін.

ЖАУАП: Әрине, адам баласының өткені қашан да оған оралмайтын шақтарымен, жастығымен, қызықтылығымен қымбат емес пе? Фольклорды көңіл қойып оқу үстінде сауатты оқушы қашан да өзіне қажетті көп нәрселер табатыны анық. Ауыз әдебиетінің қай шығармасын қолыңа алсаң да, ішіне еріксіз еніп кеткенінді байқамай қаласың ғой.

Мен жақында Өтебай Тұрманжановтың екі жинағын оқып шықтым. Сонда ойыма келген бір нәрсе, ол үнемі ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланып, өлеңдер, поэмалар жазған екен. Өте жақсы нәрселер бар. Тіпті ұсақ көрінетін, біз байқамайтын нәрселердің бәрінде де балаларға керемет етіп жазуға болады екен ғой. Мына Барто мен Маршак өлеңдерінің негізі де осында. Сондай ниетті мен Өтебайдан да байқадым.

Бүгінгі НТР заманының баласы көп біледі. Кино, теледидар қызықтау, детективтік шығармалар оқу... бәріне уақыт кетеді. Бәрін қамтып білу тағы мүмкін емес. Күнделікті тіршілігіне кимелеп келіп, кеуделеп келіп орын алып жатқан замана жаңалықтарын жатсынудың реті жоқ. Бірақ жаңаны қабылдаған болып, балаларымыз (олардың ата-аналары да) бар уақытын, бар әдемі уыз шағын тек теледидар бағумен өткізбесе екен деп тілеймін. Бәріміздің асылымыз, бар өнердің анасы — ауыз әдебиетіне уақыт таба білу шарт. Ұлттық ұлы мұра тасада қалмасын.

СҰРАҚ: Бауыржан Момышұлы өзінің «Ұшқан ұясында» ертегілердің өз қиялына әсерін жаза келіп, бүгінде ертегі айтушылар да азайып кетті ғой, деген ойға бастайды. Соған қалай қарайсыз?

ЖАУАП: Әрине, қазір семьяда балаларға ертегі айту мүлде азайып кетті. Мұның да түрлі себепте-

рі бар. Қазір осы міндеттің біразын арнайы қоғамдық орындар; балалар бақшалары, куыршақ театрлары, театрлар, радио, теледидар, кино алып отыр. Мұнда осы қызметті кәсіп қылып арнайы дайындықтан өткен адамдар бар. Бірақ олардың ертегілері 15-22 минуттық, әрі кетсе жарты сағаттық уақыттың уысында. Балалар өздеріне ұнаған әңгімелер мен уақиғаларды ұзақ қайталауды, сол арқылы санасына әбден сіңіруді талап етеді. Олар әсершіл ғой. Сондықтан да балалармен үйге келген соң әбден әңгімелесу керек. Жалықпаған жөн. Оған қазір екінің бірінің жағдайы келе қояр ма екен.

Бірақ қалай болғанда да ата-ананың үйге келген соң балаларына ана тілінде халықтың аңыз әңгімелерін, ертектерін жаңылтпаш, жұмбақтарды айтып отырғаны жөн. Бір жағынан бұл міндет. Өйткені баланың дүниені қабылдауы, өмірге деген сенімі мен арман қиялы осы баста қалыптасады.

«Бала тәрбиесінің басы — бесік жыры» — деген дұрыс әңгіме! Бірақ, өкінішке орай, бесік жырын айтатын аналар азайып кеткен тәрізді ме, қалай? Балаларына рақаттана ертегі айтып отырған жастарды неге сирек кездестіреміз? Бұлар ойландыратын жайлар.

Балалық шақтағы қабылдау мен кейінгі оқуда көп айырма бар. Балалық шақтың әсерлері мүлде басқа ғой. Осы кезде қолдан шығып кеткен нәрсені кейін ұстау өте қиын дер едім, мүмкін де емес тәрізді.

Ал жастайынан ертегіге қапқан бала халықтың осы бір асыл қазынасымен, рухани мұрасымен қоректенген бала әдебиетті, өнерді, өмірді сүйеді. Маңайындағы өзгерістерді де жіті көреді, тез қабылдайды. Оған белгілі дәрежеде үн қосады. Осы мәселеге қатысты ескерусіз қалып келе жатқан бір нәрсе бар. Ауыз әдебиеті ертегішілерден белгілі бір дәрежедегі орындаушылық шеберлікті талап етеді. Тек солардың әңгімелерінде ғана олар қайталанбайтын ерекше бояуға ие болады. Сондықтан да нағыз ертегіші адамның айтқанын қанша естісең де жалықпайсың.

Мен ауыз әдебиетін жасымнан жақсы көрдім. Өйткені біздің ауылда Қияс есімді бір бала болды. Бізден бойы да, жасы да үлкен. Сол бәрімізді

ертіп жүріп неше түрлі қызықты әңгімелер, ертегілер, жұмбақтар айтатын. Бізге де айтқызатын. Оларды қайдан үйренетінін білмеймін. Бізге ол білмейтін ертегі жоқ тәрізді болып көрінетін. Өзінің ептеп ойдан құрастыратыны да болды ғой деймін. Хат танымайтын. Көптеген жырларды жатқа соғады. «Қамбар батырды» жақсы айтушы еді. Сол әсерлердің нәтижесі ғой деймін, өсе келе де ауыз әдебиеті шығармаларын жазып жүретін, жадымда ұстайтын болдым.

СҰРАҚ: Сөз орайы келгенде айта кетейік, сіздің редакцияңызбен 1945 жылы басылған. «Тымпи» жинағындағы әңгімелердің де балалық шағыңызға қатысы болды ғой деймін.

ЖАУАП: Әрине. Онда сол балалық шақта естіген әңгімелер де бар. Ол кезде есіткендердің әсері де, жөні де бөлек қой. Сол қалпында өмір бойы есте қалады. Қазір оқығанда да сондағы кешкен күйлер мен уақиғалар еске түсіп бір түрлі көтеріліп қаламын.

Мен ауыз әдебиеті жайлы аз жазбаған тәріздімін. Сонда балалық шақ әсерлерін көбірек еске түсіріп отыруға тырыстым.

СҰРАҚ: Солардың ішінде жаныңызға жақыны бар ма?

ЖАУАП: Қияс айтқан әңгімелердің ішінен «Түлкішек» аталатын ертегі есімде ерекше қалды. Осы ертегіні айтқанда ол даусын сан құбылтып, актерге айналатын. Оның ертегілерін тындап отырып, Камбар тәрізді батыр, Құлақ тәрізді ку, Жиренше тәрізді шешен болғымыз келетін. Соларды көргендей болып ертегілер еліне еніп кететінбіз. Ал мұндай әсерлердің балалар қиялына қаншалықты қажеттігі дау туғызбайды ғой деймін.

СҰРАҚ: Кейініректе сіз осы әңгімелерді түрлі жинақтарда, кітаптарда жолықтырдыңыз. Сонда Қияс айтқан ертегі, әңгімелер мен солардың арасында белгілі бір айырма болған жоқ па?

ЖАУАП: Бір ғажабы, болған жоқ. Негізінен барлығын да тура айтқан тәрізді. Әсеріне келер болсақ, оның күшті болғанын айттым ғой деймін.

Ауыз әдебиеті шығармаларын қабылдауда әр дәуір адамдарының, балаларының арасында белгілі бір айырмашылық болатын сияқты. Балалар жазушыларының бірінші міндеті осы айырмашылықтарды, балалар қабылдауындағы өзгерістерді дөп басу. Жазушы үшін ең қажетті шарттардың бірі оқушы талабы, тілегі осы арадан алыс кетпейді.

СҰРАҚ: Бейсеке, енді осы айтылған ойларды қорыта келгенде, фольклор мен балалар әдебиеті байланысын нығайту үшін, сіздің ойыңызша, қандай нақты шаралар керек?

ЖАУАП: Ең алдымен осы шығармаларды оқушылардың, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жүйелеп, іріктеп, мол қазынаны төгіп-шашпай, қастерлеп ұқыптылықпен жеткізуді ойлау керек. Осыны ескеріп, арнайы кітаптар, кітапшалар шығарса. Ауыз әдебиетін сүйетін, оны нәшіне келтіре айтатын әңгімеші, жырау адамдарды іздестіріп, оларға да белгілі бір жағдай жасау керек.

Фольклор шығармаларын ауызша жеткізген дұрыс. Ол үшін мүмкіндіктер мол. Кино, театр, қуыршақ театрлары, теледидар, радио, арнайы күйтабақтар бар. Осының бәрінің мүмкіндігін ойластырсақ көп нәрсе ұтар едік. Ең бірінші, ауызша айтуға ғана лайық халық шығармаларының барлық сұлулығын таныр еді. Сосын ана тілінің әдемі орамдарымен танысар еді, сұлулығын сезініп, эстетикалық ләззатқа бөленер еді.

Қаншама қиын уақыттардан өтіп бізге жеткен осы асылдарымызды жұртқа, елге, балаларымызға көрсетудің, пайдаланудың бір амалы — ауызша айтушылар мен әңгіме тыңдаушылардың мүмкіндіктерін ескеру, зерттеу және табылғандарын шегіне жеткізе пайдалану. Ауыз әдебиетін ауызша пайдалануды үйрену керек. Міне, біздің алдымыздағы үлкен мәселенің бірі — осы.

СҰРАҚ: Соңғы бір-екі жылда эпостық шығармаларды: «Қобыланды батыр», «Алпамыс» тәрізді батырлар жырларын қара сөзбен айтып, әңгімелеп беру тәжірибесі де көріне бастады. Осыған қалай қарайсыз?

ЖАУАП: Бұл — Европада бұрыннан бар тәжірибе. Уақыт талабынан туындаған болса керек. Егер де жастарымызды ауызша әдебиеттің асылдарына шындап үйретіп алсақ, онда, әрине, шығармалардың ғасырлар сүзгісінен өткен халықтық үлгісі артық. Проза арқылы поэзияның бар бояуы беріле ме? Әрине, жоқ. Бірақ қазіргі жастар психологиясындағы өзгерістерді ескеруден туган бұл да бір байқау шығар.

Ойлану керек... Қалай болғанда да қарабайырлықтан сақтану керек. Батырлар жырының бар асылын прозаға айналдырудың өзі керек пе? Мақсат не сонда? Жаманды жақсарту болса, бірсәрі? Ал керісінше болып шықса ше?

Фольклорлық шығармаларды жаңа заманға, жаңа оқушыға бейімдеу бір басқа да, оқушыларды оны қабылдауға тәрбиелеу бір басқа.

СҰРАҚ: Ал екеуін қатар алып жүрсе ше?

ЖАУАП: Онда ойлану керек. Қалай болғанда да балаларды әдемілікке, адамдыққа тәрбиелеудің барлық құралдары қолымызда бар. Тек солардың мүмкіндігін ескере отырып М. Горький айтқан «Алтын сандықты» ашу керек.

СҰРАҚ: Фольклордан онша алыс кетпейтін тағы бір мұраларымыз жайында да бірер сөз айта кетсеңіз.

ЖАУАП: Нелер ғажайып уақиғалардың, жылдар артында қалған аңызға айналған күндердің көздері ғой олар. Бұлардың ішінде де талай асылдар бар. Мысалы, «Хисса-сұл Әнбияны» алайық. Үстірт қараған адамға діни сарындағы жазбалар тәрізді көрінетін осы жинақта тамаша тарихи аңыз әңгімелер де мол. Адамзаттың жаратылуы, оның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы қызықты ертегі аңыз түрінде берілген. Философиялық түйіндегі түрлі ойларға бастайтын аңыз әңгімелер. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» аталатын ертегіні алып қараңызшы? Үлкен ойға жетелейтін осындай шығармалардың балаларға әсерінде шек бар ма? Заман талабын жіті бағып отырған мәдениетті халықтар мұндай мұралардан бас тартпаса керек.

Әңгімелескен *Зинов БИСЕНҒАЛИЕВ.*

**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН — ҚАЗАҚ БАЛАЛАР
ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ**

Алдымен, Ыбырайдан бұрын қазақ халқының өткен ғасырлардағы әдеби мұрасында балаларға арналған шығармалары болды ма?

Әрине болды. Мысал келтірейік. Ертектер. Ол ауыз әдебиетінен өте мол жолығады. Бұл халқымыздың ғасырлар бойы сұрыптап, ұрпақтан-ұрпаққа дейін іріктеп алып келген асыл қазынасы еді. Бала ұғымына сай, үлкендерге де естуіне оңтайлы, атақты Тазша баланың тапқырлығы және оның өлеңмен жазылған түрі «Қырық өтірік» — бұл жанрдың маржантасы секілді ғой. «Күн астындағы Күнікей қыз», «Қырық қасқыр, екі ешкі», «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» және бұған жалғас келетін хайуанаттар туралы, табиғат күші жайлы ертек-аңыздар сол заманның өзінде-ақ баланың дүние таным көкжиегін кеңейтіп, абайлаушылыққа үйрете бастаған, ой-өрісін дамытуға арналған.

«Бір дегенім — білеу, екі дегенім — егеу, үш дегенім — үскі, төрт дегенім — төстік» деп басталатын сан туралы тақпақта қаншама сан үйретудің әдісі жатыр.

Ыбырай өзінің атақты «Қазақ хрестоматиясына» халқымыздың мол ауыз әдебиеті қорынан педагогиканың заңдылықтарына сәйкес көп үзінділерді алды, өзі де бала ұғымына сай көптеген шығармалар жазды.

Өзінің тұңғыш «Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңінде ол оқу-білім туралы пікірін түп-түгел айтқанмен, кейін бүкіл өмірі педагогтік-ағартушылық қызметі арқылы сол жайды дәлелдеп шықты. Бұл, әрине, өз алдына мәселе. Осы сапарда Ыбырай Алтынсарин балалар әдебиетінің негізін салушы, тұңғыш рет оны жазба әдебиетте қалыптастыруды бастаған классик десек — еш артықтығы жоқ, әрине. Және бір ескеретін нәрсе, Ыбырай өзі жазған әңгіме не аударған туындыларын ұлы орыс елінің оқу жүйесіндегі үлгілерге сүйене отырып алды. Ыбырайдың аса бағалаған адамдары

Лев Толстой мен Николай Ушинский болды. Өзі ашқан төрт уездік мектепті де ол осы екі кісінің идеяларын басшылыққа алып атқарып шықты. Қазақ баласының сол заманғы ұғымына сай етіп, аударма жазғанда да Л. Толстой мен И. Крылов творчествосына жиі барды. Өз халқының ауыз әдебиетіндегі асыл үлгілерін игере отырып, қазақ балалар әдебиетінің негізін салғанда әдебиеті дамыған орыс елінің классикалық шығармаларын пайдалануы тарихи заңды құбылыс еді. Ыбырай үшін басты шарт — балаға ой салу, үлгі боларлық оқиғаны тарату. Сондықтан ол өз тұсындағы діни оқуды адамның басына құм толтыру деп ашып айта келе, балаларды діни фанатизмнен аулақ ұстап, ол ықпалдан құтқару үшін олардың білімін көтеретін, қызықтыратын кітаптарды өз тілінде, өздеріне таныс әріппен шығару қажеттігін айтады. Бұл істе — мектепте білім берудің басты құралы, халықтың болашағы осындай оқу орындарында тұр дейді. Ал молдалар болса: «Адамдардың басын қатырғанымен қоймай, қазақтың табиғи тілін бұзып жүр»,— деп, 1868 жылы Н. Ильминскийге атап жазады.

Ы. Алтынсарин балаларға арналған шығармалар жазуды 1862 жылдан бастады. Ол ойын сол жылғы бір хатында:

«Егер Қазанға бара қойсам, онда мен сіздің көмегіңізбен таза қазақ тіліне жаратылыс тарихынан бір нәрсе аударған болар едім. «Балалар әлемі» («Детский мир») маған өте ұнап кетті, өйткені, онда менің аудармақ болып жүрген нәрселеріме жарамды мақалалар көп екен. Молдалардың оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойдан адастырады, кері кетіреді. Ал басқа халықтар сияқты қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек». (Н. Ильминскийге жазған хаттан).

Міне, осындай асқан ұлы ой тұсында келіп Ыбырай өзінің атақты «Қазақ хрестоматиясын» жазуға отырады. Бұл кітап қазақ балалар әдебиетінің тұңғыш классикалық жинағы екенін тарих өзі дәлелдеп отыр.

Бұл кітапта қандай бағыт ұстанатынын Ыбырай былай деп білдіреді:

«Бірінші кітабымды Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққалы отырмын. Әрине, мұны қазақ балаларына лайықтап жазамын. Мысалдарды (басни) әзірге енгізбеймін, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретті деп, тіпті ренжитінін тәжірибемен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағыналы қызық әңгімелер, жұмбақтар, ойына ой қосатын новеллалар немесе оларды қызықтыратын, мысалы: жібек құртының көбелектерінің өзгеруі сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты суреттер тәуірірек әсер етеді. Өлең жағынан мен, мүмкін болғанша, қазақ өлеңдерінен іріктеп аламын. Екінші кітабымды мен балаларға қызғылықты етіп, табиғат құбылыстары, күштері, тарихи-жағырапиялық тартымды әңгімелерге құрамын. Менің бұған шеберлігім мен білімім жететінін, жетпейтінін білмеймін, бірақ қалайда істеп көремін». (Н. Ильминскийге 1876 жылы жазған хатынан алынды).

Бұл тарихи міндетті Ыбырай тамаша орындап шықты. Оның куәсі 1879 жылы шыққан, негізінен әдебиетке, оның түрлі жанрларына арналған бес бөлімнен тұратын «Қазақ хрестоматиясы» еді.

Оның творчествосын зерттеушілер осы бір фактіге әлі ғылыми тұрғыдан барған жоқ, бара қалғандары оны түбегейлі түсінбей, жобамен, топшылаумен пікір айтып келеді. Бұл, әрине, онша-мұнша жетістігімізді көрсете қоятын қуанышты факті емес, керісінше, баяғы сол марғаулықты танытар құбылыс.

Енді Ыбырайдың өлең және әңгімелеріне көз салайық, әрине мұғалімдік-ұстаздықтан туатын өлеңнің авторы болу — педагогикаға қарай саяды. Ыбырай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер, білім бар, жұрттар» және «Өсиет өлең» топтамасында сол қағиданы қатты ұстанған. Іргелі ел, терезесі тең мәдениеттілікке жету үшін ол көптеген ойды ортаға салады,

Біз падап боп өсірдік,
Иектегі сақалды.
Өнер жігіт көркі деп
Ескермедік мақалды
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.

Ыбырай табиғат суретіне «Өзен» деген өлең қалдырды.

Бұл өлендегі: «Арыстан дем алуға суға кірсе, балықтар шымшып ойнар денесінде»,— деген жолдар ғажайып мақалға айналып кетті ғой. Ал И. А. Крыловтан аударған «Қарға мен түлкі» мысалы — еркін, мазмұнын өзінше жазған аударма. Бұл Абайда да бар.

Абай аудармасын ғақлиямен еркін бастайды.

Жұрт біледі, күледі,
Сұркия тілдің жаманын,
Қошағметшілер амалын
Сонда да солар қайда жоқ?
Ептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де, пайда жоқ.

Ал мысал аяғын:

Өзіне біткен өңешпен
Аянбастан қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті.
Іс бітті — қу кетті,—

деп бітірсе, Ыбырай (ол Абайдан жиырма жыл бұрын аударған).

Мақтау сөзге семіріп судай тасты,
Пәрменінше «қарқ» етті, аузын ашып,
Қарқ еткенде ірімшік жерге түсіп,
Оны кетті түлкіекең ала қашып,—

деп бітіреді. Міне, екі ұлы адам өзара осылай үндесіп, туыстасып, сабақтасып жатады.

Ыбырай прозасы — шағын әңгімелердің классикалық үлгілері. Бұл сапарда оның Лев Толстойдың «Азбука» жинағын басшылыққа алғаны көрініп тұр. Н. Ушинский, Ф. Паульсоннан да тәрбиелік маңызды деген шағын туындыларды еркін аударған.

Ал өз қаламынан туған, ел арасынан естіген аңыз негізінде ол:

«Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Қиіз үй мен ағаш үй» әңгімелерінде отырықшылықты насихаттаса,

«Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әкімде» — қазақ ауылындағы әлеуметтік жайды,

«Сәтемір хан» (Ақсақ темірді ескі хиссада осылай атаған), «Қара батыр», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен», «Тазша бала», «Алтын айдар» — халықтық дана қасиеттерді мадактаса,

«Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп» әңгімелерінде — жас буынның моральдық қалыптасуын сөз етеді.

Әңгіме жанрының тамыры тым тереңде екенін Ыбырай өз тұсында өте жақсы ұғынды. Өйткені, В. В. Григорьевтің үйіндегі кітапханадан ол жалғыз орыс әдебиетінің үлгілерін ғана емес, батыс елінің прогрессивті жазушыларының шығармаларымен таныс болды. Ол кезде сонау Сервантес, Диккенс, Рабле және басқалардың туындылары ғана емес, жалпы новелла жанрының негізін салушы Джовани Бокаччоның да атақты «Декамероны» орыс тіліне аударылып, сол тұстағы журналдарға басылған болатын. Бұл шығармалардың көпшілігі В. В. Григорьевтің кітапханасында болғанын Н. И. Ильминский Ыбырай жайлы естелігінде атап айтады. Сондықтан, біздіңше, Ыбырайдың жалпы тарихи-әлеуметтік көзқарасы қалыптасуына негізінен үлкен-үлкен үш фактор әсер еткен.

Біріншісі — туған елінің бай ауыз әдебиеті. Бұл мәселе оның барлық творчествосынан көрінді.

Екінші — ұлы орыс елінің озық әдебиеті мен мәдениеті. Бұл оның барлық творчествосынан көрінді.

Үшінші — дүние жүзінің озық ойлы прогрессивті мәдениеті. Міне, бұл әсіресе көркем туындыларынан көрінеді.

Бір ғана мысал: «Бай баласы мен жарлы баласы». Әңгіме нағыз сюжетті, детальға бай, айтар идеясы айқын туынды. Осындағы арамтамақ бай баласының қиындыққа қарсы тұра алмауы, ал өмірдің ащы-тұщысын көп көрген жарлы баласының

тапқырлық, еңбек сүйгіштік әрекеті — қатар қойып шендестіру арқылы берілуі — еңбек адамының қашан да өміршен екенін дәлелдейді. Идеясы да сол маңда жатыр.

Ыбырай шығармаларының тілі — қазақтың таза әдеби тілінің нормасына сай. Ол басқа тілдерден ешбір сөзді қолданып, тіл шұбарлығына бармаған жазушы. Керісінше ана тілінің асыл байлығын дәріптеп, аспанға көтерген. Оның кейбір сөйлемдерінің қанатты сөздерге айналуы сондықтан. Тіпті ол қазақша сөйлемдерді орысшаға аударғанда да сол тілдегі ең ұшқыр сөздерді пайдаланып отырады. Бұл қасиет Ыбырай творчествосының ең бір асыл тұсы, үлгі алар жері, тіл мәдениеті жөнінен бағалы мектеп.

Ананы сыйлау, сабырлылық, талаптылық, білуге құштарлық, тереңнен ойлау, ел мәдениетін сыйлау, табиғатты сүйу, Отаныңды жақсы көру — міне, Ыбырай поэзиясы мен прозасының негізгі қызыл арқауы осылар. Ол атақты «Қобыланды» жырынан үзінді алғанда да, аллегориялық тұстарын әдейі аша түседі. Көрері бар, сезінері бар тұстарына көңіл бөледі.

Біреу мысал келтірейік. Тайбурыл Қобыландының тентектігін бетіне басады.

Ат қылып тәңірім жаратты,
Сен секілді **ылайға!**— дейді.

Немесе тұлпардың әбден қызған тұсын алады.

Қыза-қыза Тайбурыл —
Он екі құлаш созылды

Немесе атты суреттеп, мақтаған тұсын алады.

Мандайында **масат** бар,
Марал ішсе таусылмас.
Құйрығында **құдық** бар,
Құлан ішсе таусылмас.
Тұяғымен тоздырды,
Бұтасыз **майдан** тақырды.

Осындағы астын сызған сөздердің мән-мағынасына Ыбырай ерекше көңіл бөліп, оқушыларына айтып береді.

Ал аударма әңгімелеріндегі тәрбиелік идеясы ашық байқалатын тұстары тіпті қызық. «Жаман

жолдас», «Талаптың пайдасы» (Л. Толстойдан) біздің сонау бала кезімізден жаттап өскен туындыларымыз ғой.

Ыбырай хрестоматиясына ел аузынан жинаған бірнеше терең мәнді, шешендік сөздерді де, жұмбақты да бала ұғымына сай етіп алады.

Мысал келтірсейік. Шешендік, қанатты сөздерден Ыбырай жинаған үлгілерінің ішінде: Тайжап бидің жас батыр Шақшақұлы Жәнібекке берген ақылы деп: «Жаман өгізді өрге салма, қанатың талар, жаман адамға жүзінді салма, сағың сынар»,— дегенді алады. Немесе, «ойлай берсең ой да көп, сана да көп, ойнай берсең ой да жоқ, сана да жоқ». Бұл — Ыбырайдың өзі шығарған нақыл сөз, әрине. Сондай қанатты сөздерге:

«Малдан жарлы қалсаң — қал, ақылдан жарлы қалма».

«Адамға тілден, сиырға мүйізінен».

«Атадан жақсы ұл туса — қар үстінде от жанар, атадан жаман ұл туса, ат үстінен ит қабар».

«Аузы жаман елді былғар, аяғы жаман көлді былғар».

Ыбырай, сонымен қатар, тарихта тұңғыш рет қазақ жұмбақтарын жинаушы, бастырушы және оны балалар ұғымына лайықтап іріктеуші адам болды. Оны табиғат пен жануарлар дүниесін ашып, танып, білу үшін жинақтайды.

«Ақ қойым тұрып кетті, қара қойым жатып қалды». (Қар мен жер.)

«Шешесі мәсін кигенше, қызы Мәскеуге барып қалды». Бұл Ыбырайдың өзі ойлап шығарған жұмбағы, әрине. (Пеш пен түтін.)

«Төлебайдың баласы төбелесіп келеді, Егізбайдың баласы ерегісіп келеді, екеуі қарауыл қарайды, біреуі шөпшек тереді», «Түйе» деп шешім айтады.

«Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен сапды: құс қанатты, құмырсқа ізді, бота тірсекті». (Шегіртке.)

Ыбырай адамның өн екі мүшесін де, танымдылық жағына байланыстыра отырып, жұмбаққа айналдырады. Ұй, жиһаз, тірлік құралдарын да солайша алады.

«Құлдыр-құлдыр жырғалым, қартайғанша тоз-

байды». (Құлақ.) «Қатар-қатар тас қойдым, жипен атты бос қойдым». (Тіс пен тіл.)

«Жетпіс кемпір жер тістеп тұр». (Киіз үйдің көрегелері.)

«Бір тышқанда екі құйрық». (Қайшы.)

«Өмір-өмір өмірден, жаққан оты көмірден. Зымыран деген бір құс бар, жұмыртқасы темірден». Бұл - мылтық.

«Елу аяқты, екі қолды, салады елу аяқпен жалғыз жолды». (Кәдімгі темір ара.)

«Жаны жоқ болса да, ақылды адамның ісін істейді. (Кітап.) Бұл — Ыбырайдың өз туындысы.

«Ізі бар, адымы жоқ аяғының, тимейді ұшы жерге таяғының, хайуанға екі аяғын арта салып, келеді сөзін сөйлеп баяғының». (Ат, арба.)

Міне, бұлардың бәрі де баланың ой-өрісін кеңейтер, оймен көрсері, сезінсері бар детальдарға әдейі құрылып, сұрыпталынып алған жұмбақтар екені белгілі.

Ы. Алтынсарин алдына тарихи зор мақсат қойған, шын мәнісіндегі халқымыздың тұңғыш мұғалімі болды. Сол сапарда қазақ балалар әдебиетінің атасы боламын-ау деп ойламаған да болар. Нақ осындай ой, яғни, қазақтың жазба әдебиетінің классигі боламын деу ұлы Абайдың да жоспарында болмаған шығар. Бірақ, В. Г. Белинский айтқандай, өз заманының азаматы, өз халқының арман-мүддесін өз мүддесі, арманы деп сезіну — бұл екі алып адамды да тарихтын төріне шығарды.

Сондықтан Ыбырайдың мына сөзі барлық ісіне дәлел болғандай.

«Қазақ халқы фанатизм сырқатынан аулақ, оның талабы біреулер салып берген сүрлеуге сыймайды: халықтың ой-пікірі еркін, келешекте сана-сезімін көтере түсу үшін жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр». (Хрестоматиясының кіріспесінен).

Ұлы ұстаздың бұл арманы қазір іске асты. Оған — бүгінгі қазақ совет әдебиетінің болмысы куә, заман куә. Сондықтан да біз оны — қазақ балалар әдебиетінің атасы деп мақтанышпен айта аламыз.

КӘУСАР БҰЛАҚ

Қай елдің болмасын, жазба әдебиетінің тууының бастапқы кезеңі белгілі қалыптасқан көркемдік дәстүрмен, халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінің дәстүрімен тығыз бірлікте болатындығы — табиғи заңды құбылыс. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілдері Қ. Жұбанов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев және басқа кейінгі ғалымдардың еңбектерінде жазба әдебиетіміздің тууы мен қалыптасуындағы фольклорлық дәстүрдің орны мен мәні, маңызы кең сөз болады.

Ғалым Е. Ысмайлов «...қазақ әдебиеті өзінің даму тарихында халық әдебиетінің ең жақсы үлгілерімен тығыз байланыста болғандығын» айта келіп, халық поэзиясының озық үлгілерінің совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі ролінің жоғарылығын көрсетеді. Жазба әдсбиетте фольклорлық дәстүрлерді творчестволықпен меңгеру мәселелеріне, оны зерттеудің зәрулігіне назар аударады¹. Академик М. Қаратаев көркем әдебиеттің дамуында фольклордың атқаратын қызметі туралы бірнеше зерттеу еңбектерінде әңгіме етеді. «Шын суреткер болса, оның кең мағынасында фольклорист болмауы мүмкін емес»,²— деп, түйіп айтады ғылым Қазақ әдебиетінің М. Әуезов, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин секілді ірі өкілдері, көрнекті ақын-жазушылары творчасының ауыз әдебиетінен нәр алып отырғандығы зерттеуші-ғалымның әр жылдарда жазылған түрлі еңбектерінде қарастырылған-ды.

Қырғыз халқы мен қазақ халқының төл жазушысы іспетті болып кеткен Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» повесіне қазіргі өмір шындығы негіз болған. Барлық оқиға, іс-әрекет объективтік шындық жағдайында өтеді. Тек Бала образында ғана күнделік-

¹ Е. Ысмайылов. Әдебиет жайлы ойлар. Алматы, 1968, 83—84-бет.

² М. Қаратаев. Әдебиет және эстетика. Алматы, 1970, 180-бет.

ті тұрмыстың ащы шындығымен үйлесе бермейтін бір бөлек қасиет бар. Жазушы Бала образын идеалдандыру үстінде, оны толық поэтикалық образ дәрежесіне дейін көтерген. Бұл ерекше образдың поэтикалылығының сырында баланың ішкі арман-тілегіне айналып кеткен халықтың өміріне тән аңыздың атқарып тұрған қызметі ерекше. Баланың Ақ кемесі, Бұғы Анасы оның осы арман-тілегі, қуанышының қайнар көзіне айналған. Суреткер бала образы арқылы, оның күнделікті тұрмыстан бөлек сенім-нанымдары арқылы адам көкірегі мен жүрегінде болатын қасиетті сезімдердің тылсым бастау-көздерін ашып береді. Ойлауының ертегілік сипатына орай, ертегідей өз шындығының табиғатына орай Бала образы ерекше философиялық сапаға ие болады. Типтік жағдайдағы ерекше образға айналады. Осының бәрінде фольклорлық дәстүрдің қатысы бары анық.

Фольклорлық дәстүрлерді көркемдікпен игеруде Ш. Айтматов пен Ю. Рытхэу шығармалары көбірек үндеседі. Бұл орайда екі автор да халық творчествосының дәстүріне сүйенеді немесе осы дәстүрге сүйене отырып, тың, жазба әдебиетке тән жаңа «ертегі», «аңыз» жасайды. Халықтық аңыз-ертегілерді пайдалануда болсын, оларды «жасауда» болсын, жазушылардың ұстанатын басты принципі де өзара жақын. Аңыз-ертегілік үлгілер бір шығармаларда өмір шындығын суреттеудегі көптеген амал-тәсілдердің бірі ретінде қолданылса, басқа бір шығармаларда авторлық идея мен объективтік идеяның жарыса дамып, тоғысып түйісер арнасына айналады.

Бұл секілді тәжірибелерді қай халықтың әдебиетінде де кездестіруге болады. Қазақ әдебиетінің алғашқы туып, қалыптасу сәтінен бастап, бүгінгі күніне дейін халықтық көркем дәстүрмен тығыз байланыста болғандығы ешкімге құпия емес. Алайда дәстүрді Ш. Айтматов пен Ю. Рытхэуше игеруде соны, тың бір ерекшелік бар деуге тура келеді.

Ш. Айтматов пен Ю. Рытхэудің «Бұғы Ана», «Ақ Әйел» жөнінде пайдаланып отырған аңыздарының өзінде іштей туыстық, жақындық бар. Ш. Айтматовтың орталық кейіпкерлер өздерінің дүниеге келу фактісін Бұғы Анадан өсіл-өндік деп

түсіндіреді. Ю. Рыхтәудің кейіпкерлері өздерін Ақ Әйел мен Киттің ұрпағымыз деп біледі.

Қазақ совет әдебиетінің алғашқы буыны өкілдерінің ауыз әдебиеті дәстүрінен тәлім алып, оны өз тәжірибелерінде пайдаланбағаны кемде-кем. Бұл авторлардың шығармаларында дәстүр, көбіне формалық қызмет атқарған-ды. Немесе Дәстүрлік сюжет тұтастай қайта жырланатын...

Бүгінгі әдебиетте бұл форма басқа да ізденістермен байыды. Т. Әлімқұлов, Ә. Кекілбаев, М. Сқақбаев, С. Санбаев, Б. Момышұлы шығармаларындағы фольклорлық дәстүр әуендерінің қызметінен осы сонылық, формалық және мазмұндық баю процесі аңғарылады. Дегенмен фольклорлық дәстүрді я дәстүрлік құбылысты Ш. Айтматов пен Ю. Рыхтәуше жүйелі пайдалану немесе оған философиялық астар беріп, оны творчестволық концепция дәрежесіне дейін көтеру — бүгінгі қазақ әдебиеті үшін, оның ішінде балалар әдебиеті үшін де толық жүзеге асырылмаған құбылыс болып табылады.

Халық творчествосының көркемдік, поэтикалық мүмкіншілігінің өте мол және мейлінше жетік сапалық белгілері бүгінгі күнге дейін жазушылар ізденісінде ерекше роль атқарып келеді. Ауыз әдебиетінің үлгілерінің әсері жазба әдебиеттің бар жанрлық түрлерінің пайда болуы, қалыптасу дәуірінен бері қарай бүгінгі күнге дейін өз мәнін әлсіреткен емес. Әсіресе фольклорлық дәстүр балалар әдебиетінің дамуына ерекше ықпал жасады.

— Қазіргі кезеңдегі қазақ балалар әдебиеті қалыптасу сатыларынан толық өтіп, кең канат жайып отырғаны белгілі. Көркемдік-эстетикалық көп қырлылығы мен мазмұндылығы жағынан бүгінгі күнгі балалар әдебиеті қандай талапқа да болса жауап бере алады. Қазақ совет балалар әдебиетінің алғашқы өкілдерінің классикалық шығармаларын айтпаған күннің өзінде бүгінгі таңдағы А. Токмағамбетов, С. Бегалин, Ө. Тұрманжанов, М. Әлімбаев, С. Бақбергенев, С. Сарғасқаев, М. Сқақбаев және басқа ақын-жазушылардың балалар мен жас өспірімдерге арнап жазған шығармалары советтік балалар әдебиетінің қорына қосылған елеулі үлес болып табылады.

Аға ақын Ә. Тәжібаевтың тек балаларға арнал-

ған шығармалары ғана емес, бар туындылары, тұтастай халық творчествосы дәстүрімен тығыз байланысты екендігі М. Дүйсеновтың монографиялық еңбектерінде кеңінен қарастырылды. Ал енді ақынның балаларға арнап жазған бір ғана «Толағай» өлеңін алып көрейікші. Ақын бұл шығармасының мазмұндық желісі етіп Толағай туралы халықтық аңызды алған. Аңыз ізімен фольклорлық үлгіде, жыр үлгісінде, мүлде соны көркемдік түйін жасайды. Шөлден қаталап, қақ-қақ тілініп кеткен жеріне, сусыз қаны кебуге жақын қалған еліне су алып келу мақсатымен, Толағай-Бала Толағай-Тауды арқалап елі мен жеріне бет алады. Елінің маңы, жерінің шетіне жете бере, Бала-Толағай таудың астында қалып, Тау-Толағайға айналады. Ақын аңыздың астарындағы Отан сүю пафосын, отаншылдық идеясын жаңаша жыр етеді. Оның үстіне ақын батырлар жыры дәстүріне де сүйенеді. Өз шығармасына батырлар жырының формалық элементтерін сіңіру нәтижесінде, оқушыларының шығармаға деген ықыласын арттыра түседі, өлең-толғаудың қабылдану процесін басқа жырға тән әсерлер түзілісімен байытады.

Қазақ совет балалар әдебиетінің, жалпы көркем әдебиеттің тектері мен бар жанрлық түрлерінің фольклормен байланысы, бұл байланыстың ерекшеліктері әдебиет тану ғылымында әр түрлі дәрежеде зерттелді, олар туралы біраз ойлар түйінделді. Поэзия саласында М. Базарбаевтың, З. Ахметовтың, Ә. Дербісәлиннің монографияларында, ал прозада ілгеріде аталған еңбектерден басқа Е. Лизунова, Р. Бердібаев, Ш. Елеукенов Б. Наурызбаев еңбектерінде, драматургияда Е. Жакыповтың зерттеулерінде тікелей осы мәселе зерттеледі. Ішінара ауыз әдебиеті мен қазіргі балалар әдебиетінің өзара арақатынасы, байланыс түрлері туралы да маңызды ойлар қорытылады. Қазіргі кезең әдебиетінің фольклормен байланыстылығы, бір кездері көп айтылып келгені секілді, әдебиеттің кенжелігін, баландығын білдірмейді, қайта керісінше, белгілі әдебиет сапалылығының дәрежесі кей жағдайда оның халықтың ауыз әдебиетінің дәстүрлеріне деген қатынасының тереңдік сипатымен де анықталады. Ауыз әдебиетінің берік қалыптасқан

бай көркемдік амал-тәсілдерінің күні бүгінге дейін әдеби дамуға ықпал жасауға қабілеттілігі балалар әдебиетінің дамуына, тіпті жаңа түрмен толысуына көп мүмкіншілік беріп отыр.

Жазба әдебиеттің жетік дәстүрінен үлгі алып, оның көркемдік-идеялық озық үлгілерін өнеге тұтып өскен бүгінгі балалар әдебиетінің жас өкілдерінің шығармаларының өзінен фольклорлық дәстүрдің әсерін анық аңғаруға болады.

А. Асылбеков «Төлдермен тілдесу» атты өлеңін мынандай формаға құрады:

— Лағым-ау, лағым,
Неден шұнақ құлағың?
— Секіріп көп құладым,
Содан шұнақ құлағым.
— Қошақан-ау, қошақан,
Неден көңілің босаған?
— Көп қадалып ошаған,
Содан көңілім босаған.—

Ал енді халықтың ауыз әдебиетіндегі «Бақа» өлеңіне көңіл аударайық:

— Бақа, бақа, бақ-бақ,
Басың неге жалпақ?
— Темір телпек көп киіп
Басым содан жалпақ...

А. Асылбековтың шығармасы мен халықтық «Бақа» өлеңі арасында едәуір туыстық, жақындық бары бұл жерде анық-ақ көзге түсіп тұр. Екі шығарма да сұрақ-жауап формасында берілген. Сұрақтың да, жауаптың да сипаттарында ортақ қасиеттер мол. А. Асылбеков фольклорлық дәстүрді жүйесіз, стихиялы я болмаса тәжірибелік деңгейде пайдаланбаған. Автор ауыз әдебиетінің дәстүрінен қалай үйрену керектігін дұрыс пайымдайды, өз өлеңінің жас оқушылардың ұғымына, түсінігіне лайықты, қонымды болуын қамтамасыз ету мақсатымен, фольклорлық үлгінің қалыптасқан дәстүрлік формасын, структуралық жүйесін шебер пайдаланады.

Ал енді балалар әдебиетінің ірі өкілі Ө. Тұрманжановтың «Бақа, бақа, балпақ» өлеңі, автордың өзі айтып отырғанындай, ауыз әдебиеті дәстүрінде, нақты алғанда, жоғарыдағы «Бақа» өлеңінің сарышында жазылған. Ақын «Бақа» өлеңіндегі